

Жанғара Дәдебаев,  
филология ғылымдарының докторы, профессор,  
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры

## ҰСТАЗҒА ҚҰРМЕТ

Халық: “Елу жылда ел жаңа”, – дейді. Елу жылда тұтас ел жаңаратын болса, жеке адамның ойы мен бойында өзгермей қала беретін ешнәрсе болмауға тиіс. Жаңару, жаңғыру барда ескіру де болатыны анық. Осыдан елу жыл бұрынғы елден бүгінгі елдің тұлғасы да, тұрпаты да жаңа, қызығы мен қуанышында да жаңғыру бар. Алайда осыдан елу жыл бұрынғы заманның да, ол заманның адамының да асылы, қай дәуір биігінен қарағанда да жанар жасқайтын жарқылы болғанын көрмеуге, білмеуге болмайды. Бүгінгі заманның жаңа ағымын, бүгінгі адамның жаңа танымын көре, біле тұрғанның өзінде, осыдан жарты ғасыр бұрынғы адамның адамгершілік келбетіне, бүтін бітіміне сүйінбей қарау қиын. Ол кезең бізге ғылым мен білім, әдебиет пен өнер тарихындағы бір сәулетті шақ секілді болып көрінеді. Өз байқауымызға салсақ, сол тұстарда ұстаздың көңілі шәкіртте, шәкірттің көңілі ұстазда болғанға ұқсайды. Алдына білім, ұлағат іздеп келген шәкіртке ұстаз да жанынан жарық шашыратып, көзі мөлдіреп, өңі үлбіреп келген жасқа күндей нұрланып қарап, берер білімі мен білімін, тәлімі мен тәрбиесін тілінен шығарып қана айта салмай, тереңнен тербеп, өзінің де жанынан ақ алау лаулатып ұсынатын сияқты болып елестейді.

Көзі көрген, көңіліне қонған, бойына сіңген білімді місе тұтпай, өмірін үздіксіз ізденуге, ізденіске арнап, ұсынар ойын салмақты, айтар сөзін ардақты етуге талпынбайтын ұстаз, шындығына келгенде, сол бір сәулелі тұстарда шәкірт алдына өте сирек шығатын болса керек. Біздің сол бір ерекше сәулетті шақ, сәулелі тұстар деп тұрғанымыз – М.Әуезовтің дәуірі. Бұл дәуірде М.Әуезов жоғары мектепте ұстаздық қызмет атқарды, студенттерге дәріс берді, аспиранттарға ұлағат ұсынды, қазақ әдебиетінің көрнекті мамандарын тәрбиеледі. М.Әуезов лекция оқыған аудитория білім мен біліктің ыстық ұясына, ғылым мен ілімнің ірі мектебіне, әдеби ойдың алып одағына айналды. Жастардың да әдебиет пен өнерге, ғылым мен білімге деген құштарлығында шек жоқ-ты. Осы дәуірдің бір тұсында, М.Әуезов шәкірттеріне арнаған лекциясын аяқтап, маңдай терін жібек орамалымен дегдітіп, дем ала берген шақта, аудиторияның есігін әдеппен ашып, бір жас жігіт кіріп келе жатты. Ұстаз да оған жылы шырай, мейір таныта қарап, алдына шақырды. Жас жігіт М. Әуезовке үлкен құрмет көрсете сәлемдесті. Дәстүрлі сәлемдесуден кейін жас жігіт ұстазға келген шаруасының жайын баяндап, өзінің кандидаттық диссертациясына ресми төреші болу туралы тілегін білдірді. Сонда М.Әуезов алдындағы жас жігітке райлана қарап:

“Пәлі, болам, болғанда қандай. Сынға араласып жүрген жас жігіттердің барлығы да ғылымға келуі тиіс. Анау Тахауи да, Тәкен де, Зейнолла да – бәрі кандидаттық диссертация қорғауы керек. Бәріңді де қолдаймын”, – деп, ағалық адал сырын ақтарып салған екен. Бұл сәттерді диссертант өзінің ең бақытты сезінген кездерінің бірі ретінде бағалайды. Сондағы жас жігітті шексіз бақытты күйге бөлеген күш М.Әуезовтің ағалық қамқорлығы, ұстаздық ұлағаты, күн нұрындай қуат құйған таза ықыласы болса, сол қамқор көзді, сол таза ықыласты өзіне аударған құдірет сол жас жігіттің жұртшылыққа танылып, айқын сипат ала бастаған әдебиетке, әдебиет туралы ғылымға деген шын құрметі мен байсалды сүйіспеншілігі, таланты мен биік талғамы еді. Содан бергі жарты ғасырдың жүзінде алуан түрлі заман өтті, ел жаңарды, жер өзгерді, сана жаңғырды, ата баласы — ел ағасы, ел ағасы – ер данасы болды. Жаңағы жас жігіт те сан түрлі сыннан, талай өмір белестерінен өтті: ғылым докторы (1964), профессор (1966), СССР Педагогика ғылымдары Академиясының мүше-корреспонденті (1968), Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының академигі (1994), Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың иегері, Қазақстан және Қырғызстан Республикалары ғылымына еңбегі сіңген қайраткер (1977, 1995), Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері (1996), ғұлама...

Бала шәкірттен ғұлама ұстазға, ата баласынан ел ағасы, ер данасына дейінгі жолдың соқтықпалы белестері мен соқпақсыз белендері, тар асулары мен тайғақ тасулары қанша қайратты, қандай сабырды талап еткенін бүгінде анық, ашып айту қиын. Өйткені әңгіме ақылдың қайраты, ақылдың сабыры туралы. Мұндай қайратты, мұндай сабырды таразыға тартып, өлшемге салып, мөлшерлеп есептеу мүмкін емес. Өлшемге, мөлшерге сыймайтын қайрат пен сабырды ұлы деген ұғыммен ғана ұштастырып нақтылауға болады. Соған орай ғұлама ұстаз туралы ұлы қайрат пен ұлы сабырдың адамы деу лайықты.

Бүгінде ғұлама өз замандастары атынан: “Біз Мұхтар Әуезовті өзіміздің рухани әкеміз санаймыз”, – дейді. Бұл пікірдің айтылуы жеңіл болғанмен, ондағы әр сөзде терең мән, телегей-теңіз тарих бар, сол телегей-теңіз тарихтың әр сәтінде толған айдан төгілгендей сүттей жарық нұр, көктемгі күн көзіндей жайлы жылу бар. Екінші жағынан, М.Әуезовті рухани әке санау қандай жауапты болса, М.Әуезовтің рухани ұлы бола білудің жауапкершілігі де өлшеусіз жоғары. Ұстаз алдынан толған айдан төгілгендей сүттей жарық нұр, көктемгі күн көзіндей ой мен бойды қатар баураған жайлы жылу тапқан сәттен бермен қарай өткен жарты ғасырдың жүзі бойында атқарып келе жатқан ғылыми-педагогикалық, қоғамдық және шығармашылық қызметі сондағы жас жігіт пен бүгінгі ғұламаның М.Әуезовті өзіне рухани әке санауы да, өзін М.Әуезовтің рухани ұлы санауы да жарасымды, ойға да, көңілге де қонымды екенін көрсетеді. Сондақтан да бүгінгі ғылыми конференцияның ерекше мәні мен айрықша сәні бар. Мәні – бұл конференцияның М.Әуезов алдында тұрған кешегі жас жігіт пен бүгінгі ғұламаның шығармашылық өмір жолына арналып отырғаны. Сәні – бұл конференцияның М.Әуезовтің музей-үйінде өтіп отырғаны. Енді осы ерекше мән мен айрықша сәнге бір мәніс қоссақ, ол мәнісіміз – М.Әуезов алдында

тұрған кешегі жас жігіт пен бүгінгі ғұламаның бір тұлға, анығын айтсақ, академик Серік Смайылұлы Қирабаев екендігі.

Серағанның өзі жасынан құрмет тұтқан, жас кезінен жанымен сүйіп ұнатқан туған әдебиеті үшін тер төгіп, еңбек етіп келе жатқанына жарты ғасырдан астам уақыт болыпты. Осы уақыт ішінде ғалымның 700-ден астам ғылыми еңбектері жарық көрген болса, солардың 30-дан астамы монография, 20-ға жуығы орта мектеп пен жоғары оқу орындарына арналған оқулық екен. Сол оқулықтардың ішінде орта мектептің жоғары сыныптарына арналған “Қазақ әдебиеті” оқулығы жарты ғасыр бойы үздіксіз пайдаланылып келеді. Соңғы 50 жыл ішінде мектеп көрген қазақтардың Серағаң оқулығын оқымағаны жоқ. Аңдап қарасақ, осыдан 50 жыл бұрын орта мектептің жоғары сыныбының партасында отырған оқушы бүгінде 60 жастан асқан абызға айналған екен. Олай болса, қазіргі шақта 15 пен 60 жас арасындағы қазақтардың барлығы – Серағанның шәкірті, бұл азаматтар Серағанды өздеріне ұстаз санаса да, рухани әке санаса да жарасымды. Одан бері де жоғары білімді мамандар, ғалым-ұстаздар дайындау саласында Серағаң ел үшін ерен еңбектер атқаруда. Бір кездері өзіне Мұхтар Әуезов айтқан ұстаздық ұлы сөзді кейінгі жастарға енді Серағанның өзі айтатын болды.

Ұстаз-ғалымның тікелей өз жетекшілігімен 10-нан астам кісі докторлық, 30-дан астам кісі кандидаттық диссертация қорғапты. Оның үстіне Серағаң басқарған және мүше болған мамандандырылған ғылыми кеңестерде диссертацияларын қорғап, алқасына мүше болып келе жатқан Жоғары аттестациялық комитеттен диплом мен аттестат алған, сөйтіп, ел игілігіне қызмет етіп жүрген ғалымдар санында есеп жоқ десе де болады.

Бүгінде Серағанның еңбегі бүкіл ел игілігіне айналып отыр. Ғалым үшін өз еңбегінің ел игілігіне айналуын көруден асқан бақыт болмаса керек. Серағанның бір бақыты осында – еңбегінің халық байлығына, ел игілігіне айналуында.

Академик Серік Смайылұлының азаматтық ажарын ашып, айбатын асыратын және бір қасиеті – дүниеден мезгілсіз өткен, жазықсыз жапа шеккен ақын-жазушылардың талантына, әдеби мұрасына деген асық құрметі. Жазушылық ғұмыр деген де бір маздап ия алаулап жанған от секілді. Оттың қадірі жарығы мен жылуында. Шынайы шығармашылық ғұмыр жарығы мен жылуын барша халыққа бірдей таратады. Өкінішке қарай, қилы-қилы заман болып, қарағай басын шортан шалғанда, ескен жел, соққан дауыл әлгі бірде маздап, бірде лаулап жанған оттың жалынын жұтып, жарығын өшіріп кеткен сәттер де болған. Серік Смайылұлы өзінің көп уақыты мен қажыр күшін әдебиеттің осындай мезгілсіз өшкен отын қайта тұтатуға жұмсады. Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатов, Шәкәрім Құдайбердиев секілді суреткерлердің әдеби мұрасын уақыт тозаңынан аршып, оларды ел көкірегінде отша маздатты, жарығы мен жылуын бүкіл елге қайта таратуға үлес қосты. Елдің өлгенін тірілту, өшкенін жандыру деген сөз осындай жағдайда айтылған болар деп ойлаймыз. Серік Смайылұлы – туған әдебиетінің өлгенін тірілткен, өшкенін жандырған ғалым.

Ғұлама үшін бұдан артық абырой кемде-кем, еңбекте де бұдан асқан ерлік болмаса керек.

Адамның күні адаммен болған соң, адамзат қауымында өсек те, өтірік те, мақтаншақтық пен қызғаншақтық та өріп жүреді. Бұларға бой алдырған, сөйтіп аяғын шалдырған кісі аз емес. Ақылы мен қайратына талабы мен талантын серік етіп, әр нәрсеге терең оймен, ұлы сабырмен қараған жан ғана олардан аман өте алады. Бірақ мұндай асыл іс тарихта санаулы адамдардың ғана қолынан келген. Бүгінгі күннің сондай санаулы азаматтарының бірі — Серік Смайылұлы Қирабаев. Серағаң — қазақ әдебиеттану ғылымында ұлы қайрат пен ұлы сабырдың, сыншыл талап пен шыншыл таланттың үлгісін қалыптастырған жан.

Қазақ әдебиетінің арғы-бергі дәуірінің қандай тұлғасы туралы ой толғағанда да Серағаң өзінің сараптаушы, саралаушы тұрғысынан еш тайған емес. Жастардың шығармаларынан жаңалық сезінгенде де, мақтауға бармай, олардың шығармашылық ізденістерінің ерекшеліктерін анық, айқын ашып, әділ бағалауды мұрат тұтты. С.Көбеев, С.Сейфуллин, Ж.Аймауытов, Б.Майлин, Ғ.Мұстафин, Қ.Аманжолов, Ә.Тәжібаев секілді сөз өнерінің ірі майталмандары туралы еңбектерінде де ия мақтауға, ия мақтануға бой алдырмай, әдеби құбылысты талдау мен жинақтауға, саралау мен даралауға барғанды, сөйтіп тиянақты бағалауға көшкенді дұрыс көрді.

Әдебиеттану өнер туралы ғылым болғандықтан, онда өнердің де өлшемдері жүретіні анық. Бірақ өнер туралы ғылым үшін де ойлаудың жүйелілігі, талдаудың тереңдігі, жинақтаудың саралығы, пікірдің әдемілігі мен дәлелділігі ауадай қажет. Бұл жерде жүректен тербейтін сезімнің сергектігі, алыстан сермейтін ақылдың даралығы бір-біріне ұнасымды ұласқанда ғана белгілі ұғым ой мен бойға қатар тарайды. Әдебиеттанушы талдау мен жинақтаудың, саралау мен даралаудың осындай нәтижелілігіне қол жеткізгенде ғана өзінің шығармашылық даралығын табады. Серағаң әдебиеттануда өзінің шығармашылық даралығын дара танытып, дара қалыптастырды. Ол даралық бүгінде қазақ әдебиеттануындағы сара шығармашылық даңғылдардың бірі.

Әдебиет – халықтың ақыл-ойы, абыройы, ар-ожданы деген сөзді осы күні жиі айтатын болдық. Халық үшін оның ақыл-ойынан асқан тереңдік жоқ. Халық үшін оның абыройынан асқан биіктік те жоқ. Халық үшін оның ар-ожданынан артық аяулысы да болған емес. Сондықтан “Әдебиет – халықтың ақыл-ойы, абыройы, ар-ожданы” деген сөзде асылық жоқ, асыл шындық бар. Әдебиет туралы бұл ұғым әдебиет туралы ғылыммен, әдебиеттанумен де шектесіп жатыр. Әдебиет халықтың ақыл-ойы, абыройы, ар-ожданы дегенде, әдебиеттану халықтың ақыл-ойы, абыройы, ар-ожданы туралы ғылым болып табылады. Демек, халыққа әдебиеттанудан жақын ғылым жоқ, халыққа әдебиеттанушыдан жақын ғалым да жоқ. Ал біздің ұғымымызда жалпы ғалымдар арасында да, әдебиеттанушы ғалымдар тобында да халыққа бүгінде асудан асу асып, айналасына ұлы сабырмен қарап отырған Серік Смайылұлы Қирабаев ағамыздан, Серағаң бастаған ұстаз-ғалымдар легінен жақын тұрған ешкім жоқ. Әдебиеттанушы болу, әдебиетші-ғалым болу – халықтың досы,

жолдасы, бауыры болумен пара-пар іс. Ал халыққа дәл осы лектен, Серағаң бастаған ұстаз-ғалымдардан жақын дос та, жолдас та, бауыр да жоқ десем, тағы да қателеспеспін деп ойлаймын. Халқын, елін құрметтейтін кісі алдымен сол халқына өзгелерден жақын тұрған азаматты, маңдай терімен, адал еңбегімен, ұстаздық ұлағатымен халқының жолдасына, досына, бауырына айналып кеткен жанды құрметтесе керек. Ендеше халықты құрметтесек, сол халықтың әрі баласы, әрі данасы, әрі жолдасы, әрі досы, әрі бауыры Серағаңды құрметтейік. Халқымызға игілік тілесек, сол халықтың әрі баласы, әрі данасы, әрі жолдасы, әрі досы және бауыры Серағаңа игілік тілейік.

Бүгінде Серағаңды қанша мақтаса да болар еді. Бірақ мен Серағаңды мақтамадым. Өйткені Серағаң мақтағанды аса жақсы көрмейді. Бүгін Серағаңмен барынша мақтануға болар еді. Бірақ мен Серағаңмен мақтанбадым да. Өйткені Серағаң мақтанғанды да ұната бермейді. Бұл сөзімде Серағаңа, ұстазға, деген құрметімді көрсеткім келді.

**1997 жыл**